



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады



ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ



Құтты болсын!
С 6 по 9 апреля по инициативе ректора академика Г.М.Мутанова профсоюз «Парасат» работников КазНУ впервые проводил конкурс в рамках университетской «Недели чистоты». Комиссия профкома определила лучшую кафедру, лучший факультет, лучший учебный корпус, лучшее общежитие и лучшее структурное подразделение КазНУ им. аль-Фараби.

КОНКУРС ПРИУРОЧИЛИ К ПРАЗДНИКУ

Оценивалась не только чистота помещений и территории, но и озеленение, оформление, сохранность мебели и инвентаря. Комиссии под руководством председателя Т.К.Мекебаева пришлось обойти буквально весь университет. Определить победителей было непросто – иногда решающим становился буквально один балл. Поэтому в некоторых номинациях победителей оказалось несколько. 10 апреля лучшие кафедры, подразделения, факультеты, общежития и учебные корпуса наградили во время празднования Наурыза. Ректор КазНУ им. аль-Фараби лично вручил победителям Дипломы и ценные призы – телевизоры, музыкальные центры, цифровые фотоаппараты, видеокамеру.

Вначале было решено назвать лучшую кафедру – ведь именно кафедры определяют лицо факультета. Первое место заняла кафедра Органической химии и химии природных соединений (заведующий Абилов Жарылқасын Абдухитович).

(Продолжение на 3 стр.)

НАУРЫЗ - ТАБИҒАТ СЫЙЛАҒАН ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ



10 сәуір. ҚазҰУ қалашығын ерекше көңіл күй кернеген. Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы алаңына жүздері бал-бұл жанып, көздері оттай нұр шашқан көрермендер ағылуда. Домбыра үні күмбірлеп, қалашық іші әуезді әнмен әрленген. Алтыбақанда тербелген бозбала мен бойжеткен – Ұлыстың ұлы күнін ұлықтауға үлес қосып тұрғандай. Ұлттық киім киінген қазуулық азаматтар мен азаматшалар дәл осы күні қазақтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, игі жақсысын барынша насихаттап қалуды парызы санағандай. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі департаменті «Қош келдің, әз-Наурыз» атты мерекелік кеш ұйымдастырып Алатаудың бөктерінде, ақ дастархан басында, мерекелік салтанатта көрерменнің басын қосты. Мерекелік салтанатқа ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанов, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті Мұрат Жұрынов, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Серік Сейдүманов, Қазақстан Республикасының Халық әртісі Ескендір Хасанғалиев, академик Төлеген Қожамамқұлов және университеттің оқытушы-профессорлар құрамы мен ардагерлер, студенттер қауымы қатысты.

«Наурыз десе – көгімде жүзді күнім.
Наурыз десе – көркейтер түзде гүлім.
Наурыз деген – ырысым, ынтымағым,
Наурыз деген – дәстүрлі ізгілігім...»

Дәл осы өлең жолдары ғылым, білім және жастықтың жасампаздық бастамасы біте қайнасып жатқан орда – ҚазҰУ қалашығында наурызды ұлықтау үшін жиналған ұлысқа ізгілік нұрын сепкендей. «Бұл мейрам еш ресми бұйрықтың немесе заң актісінің күшінсіз-ақ, табиғаттан келген ерекше мереке. Наурыз мейрамы – табиғаттың сыйы.

(Жалғасы 3-бетте)

ҰЛАФАТ

МЕГАПРОЕКТ

Басшы ұстаздың өнерге деген шарапаты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халық аспаптары оркестрі 1975 жылы университеттің ректоры, академик Өмірбек Арысланұлы Жолдасбеков ағамыздың тікелей ұсынысы бойынша құрылды. Оркестрге университеттің барлық факультеттерінің студенттері шақырылып, таңдалынып алынды. Сонымен қатар, Ө.Жолдасбековтың бастауымен университеттің барлық факультеттерінде ұлт аспаптық оркестрлері құрыла бастады. Оркестрге арнайы ұлттық киімдер тігілді, ұлттық аспаптар сатып алынды. Университеттің ғимаратынан оркестрге арнайы бөлме жабдықталып, қатысушы студенттерге жағдай жасалынды. Оркестр мүшелерінің қатары 50 адамнан асты. Университеттің талантты оқытушылары А.Жиенбаев, Г.Есбергенова, Қанапия т.б. оркестрге қатысып өз өнерлерін көрсетті.

Оркестрдің дайындығын ұйымдастыру, аспаптармен қамтамасыз ету, оркестр мүшелеріне жағдай жасау, сол кездегі ҚазҰУ проректоры, ректоры, ал қазір Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұловтың тікелей басқаруымен өтті. Оркестрдің бас дирижері ретінде мемлекеттік консерваторияның доценті, дарынды музыкант Батыр Абдықалықовты, жетекші ретінде Жанас Бекентұровты шақырды. Студент жастарды оркестрге тарту жағына университеттің физика-математика факультетінің студенті, дарынды домбырашы, өнерпаз Айтқазы Шарықбаевты жауапты етіп сайлады. Университеттің әр жиналысы ұлт аспаптар оркестрінің концерттік бағдарламасымен өтетін болды. Тез арада оркестр студент қауымы мен оқытушылардың қошаменіне бөлене бастады.

1976 жылы университеттің қазақ ұлт аспаптары оркестрі Шымкент қаласында өткен Бүкілодақтық көркемөнерпаздар

фестивалінің лауреаты атағын жеңіп алды. Бұл университеттің ұлт аспаптары оркестрінің ең алғашқы шығармашылық жеңісі еді.

Университеттің ректоры Өмірбек Арысланұлы Жолдасбеков оркестр ұжымын жинап өзінің ақыл-кеңесін беріп, алғысын жеткізді. Сонымен қатар, оркестрге қатысушыларды жазғы демалыс кезінде ақысыз профилакторияда демалдырып, студент жастардың степендияларын үзбей алып тұруын қамтамасыз етті, ал белсенділерге қосымша қаржылық көмектер тағайындады.

1977 жылы 7 қазанда Қазақ университетінің ұлт аспаптары оркестрі Мәскеу қаласында КСРО-ның жана Конституциясын қабылдау кезінде Кремльдің съездер сарайында Бүкілодақтық көркемөнерпаздар фестивалі лауреаттарының қатысуымен өткен концерт беру құрметіне ие болып, съезд депутаттарының қошеметіне бөленді.

(Жалғасы 4-бетте)

ЗАВЕРШИЛАСЬ ОЛИМПИАДА «АЛЬ-ФАРАБИ»

Стало традицией проводить торжественное подведение республиканской олимпиады «Аль-Фараби», прорывного проекта Университета Аль-Фараби, дважды отмеченного дипломами Министерства образования и науки. Следуя этой традиции, 12 апреля 2011г., в День космонавтики в Казахском национальном университете имени аль-Фараби состоялось торжественное закрытие грандиозного проекта Олимпиады «Аль-Фараби».

Олимпиады «Аль-Фараби» проводятся уже третий год по 14 общеобразовательным предметам. Выездные комиссии, в состав которых входят лучшие преподаватели нашего университета, провели отборочные туры во всех регионах Казахстана, в том числе города Астана и Туркестан.

(Продолжение на 2 стр.)



ҚазҰУ талантты жастарды іріктейді

РЕКТОРАТ

11 сәуір күні әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың кезекті ректорат мәжілісінде ЖОО-ға дейінгі дайындық факультетін құру мәселелері жөнінде Мәлік Ауған баяндама жасады. Оның басты мақсаты – уақыт талабына сай ЖОО-ға дейінгі дайындық курстарын өткізу жұмыстарын жүйелеу әрі тиімді пайдалану. Университетке талантты жастарды тарту үшін арнайы іріктеу турларын өткізу керектігі айтылды.

«Мектеп-колледж-университет» білім беру жүйесін құру, кәсіби білікті мамандарды тәрбиелеп шығару мақсатында жана оқу бағдарламаларын жасау, шетелдік азаматтармен қоса студенттік контингентті қалыптастыруда кәсіптік бейімделуді ықпалдастыру мәселелері алға тартылды. «Талапкер» мамандыққа бейімдеу орталығының қызметі жас талапкерлерге білім беруге және кеңес алуға бағытталған. Осы негізде БАҚ-та факультеттер мен мамандықтардың жағымды имиджін қалыптастыратын жарияланымдарды насихаттау, білім беру басқармалары және мектептермен тығыз қарым-қатынас орнату, «Әл-Фараби» Олимпиадалары мен ҰБТ-ны өткізу арқылы талантты жастарды ҚазҰУ-ға бейімдеу және Қабылдау комиссиясының жұмыстары жүзеге асып келеді. Сондай-ақ, виртуалды оқушылар



академиясын құруды жоспарлап отыр. «Бұл жоба бүкіл Қазақстанның аумағын қамтуы тиіс», – деді ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанов. Бірінші рет талапкерлерге толық ақпарат беретін «Әл-Фараби» журналы жарық көрді. Тағы бір жаналық – мамыр айының орта шенінде жалпыреспубликалық деңгейде он-лайн жүйесінде тестілеу өтетін болады. Ректорат мәжілісінде, сондай-ақ Біліктілікті арттыру институтының директоры Б.А.Шайкеновтың «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың зерттеу университетіне транс-

формациялануы аясында Біліктілікті арттыру институтының қызметін жетілдіру туралы баяндамасы ректорат мүшелері назарына ұсынылды. Сонымен бірге Ректорат Қаулыларының орындалуы туралы Ректор аппаратының басшысы Қ.З.Жүсіповтың және Испанияда PhD докторлық диссертация қорғаған PhD докторы Ә.Асқарұлының ақпары, шетелдік ыссапары туралы есебі тыңдалды.

Әлия ДЕМЕСІНОВА

КЛУБ

Дипломатиялық қатынастағы шешендік өнері

13 сәуірде халықаралық қатынастар факультетінде тұңғыш рет «Тура би» ғылыми, шешендік өнер клубының салтанатты ашылуы өтті. Құрылғанына 15 жыл толған факультетте бұған дейін неміс, орыс, жапон, қытай және т.б. тілдердің арнайы клубтары қызмет етіп келеді.

Бұл клуб ұлттық нақышты үгіттеуге бағытталған. Бүгінгі таңда елшілікте, билік орнында жүрген азаматтарымыз ресми тілді көп қолданып, ана тілі ұмыт болып бара жатқандай. Осыған байланысты халықаралық қатынастар факультетінің 1-2 курс студенттері ана тілін дәріптейтін клубтың ашылуын мақсат

тұтты. Ата-бабадан қалған өсиетті сөздер мен шешендік өнер тәлімін жаңғырту, әрі жастар арасында кеңінен насихаттау жұмысы қолға алыну керектігін атап өтті.

Іс шараға арнайы қонақ болып келген Абай атындағы ҚазҰПУ филология ғылымдарының докторы, профессор Гүлбану Қосымова жастардың бұл бастамасын қуана қолдады.

- Шешендік өнер туралы зерттеулерімді осыдан 20 жыл бұрын бастаған едім. Ата-бабадан тараған өсиетті, қанатты сөздер бізге күні бүгінге дейін мұра болып жетті. Астарында мәні бар сөз қадірін қазақ халқы бағалаған. Ел арасындағы дау-дамайды бір ауыз сөзбен шеше

білген, сөйтіп халық арасындағы қақтығыстың алдын алған. Қазіргі өркениетті заманда бірнеше тіл білетін қазақ баласы ана тілін де жетік білуі керек. Қазақ тілі қоғамда, тұрмыста қажетті болған жағдайда ғана сөзіміз түзеледі. Осындай бастамаға жол ашып отырған ҚазҰУ-дың студенттеріне табыс тілеймін, - деді Гүлбану Қосымова.

Тұсаукесер бағдарламасы бойынша студенттер «Қара жорға» биін орындап, күй шертіп, шешендік өнер тақырыбында театрланған қойылымнан үзінді көрсетті.

Әлия ДЕМЕСІНОВА

ШАРА

Жақында шетел филологиясы кафедрасының ұйымдастыруымен «Шет тілі апталығы» өтті. Шет тілі апталығына «Парасат» кәсіподақ комитетінің төрағасы Т.К.Мекебаев және «Сұңқар» студенттік кәсіподақ комитетінің төрайымы А.М.Қарақожаева қаржылай қолдау көрсетті.

Шет тілі апталығы

Апталық аясында «English Language Contest» - «Ағылшын тілінің білгірі» атты сайыс ұйымдастырылды. Сайыста «Шетел филологиясы» және «Шет тілі: Екі шет тілі» мамандықтарының студенттері өзара білім сынағына түсті. Аталмыш сайыс түпнұсқалық мәтінді тыңдап, оны қорыта отырып өзіндік ой-түйін жазу және белгілі бір тақырыптарға негізделген шығармашылық жобалар жасау талаптарын жүктеген бөлімдерден тұрды. Жобада студенттер әр елдің мерекелері мен фестивалдарын, өздері үлгі тұтатын тұлғаны және әлемнің заманауи ғажайыптары тақырыптарында шығарма жазды.

Сайыс нәтижесінде 1-курс студенттері арасынан бірінші орынды Л.Кошутская, А.Тыныбекова, ал екінші орынды А.Исмаилова, М.Ашляева, Д.Рахимова және Ж.Текебаевтар жеңіп алса, 2-курс студенттері арасынан бірінші орынды Д.Рысбекова, екінші орынды А.Кшенова иеленді.

Апталықтың соңында сайыс жеңімпаздары дипломдар мен ынтыландыру сыйлықтарымен марапатталды. Сонымен қатар апталық барысында арнайы жасалынған «Ең үздік қабырға газеті» іріктеліп, жүлдеге ие болды.

Салтанатты марапаттау рәсімі 1, 2-курс студенттерінің күшімен ағылшын, неміс және француз тілдерінде ұйымдастырылған қорытынды концертке ұласты.

М.А.ЖАҒАБЕКОВА, Т.О.ҚОҢЫРБЕКОВА,
шетел филологиясы кафедрасының оқытушылары

ЗАВЕРШИЛАСЬ ОЛИМПИАДА «АЛЬ-ФАРАБИ»

МЕГАПРОЕКТ

(Начало на 1 стр.)

Оргкомитетом олимпиады принято более 14 000 заявок из 1026 школ. Все участники олимпиады были заявлены областными Управлениями образования, по результатам районных и городских олимпиад. Большое количество участников представлено из г. Алматы (2081), Актобинской (1100), Джамбылская (1091), Южно-Казахстанской (758), Кызылординская (750) областей.

Из общего количества участников: 1228 – претендентов на получение знака «Алтын белгі», 102 - победители и призеры республиканских олимпиад, 1096 – участники районных олимпиад, 37 - спортсменов, КМС.

Анализ проведения Олимпиады выявляет очень интересные факты: если два года назад самым востребованным предметом Олимпиады была география, то в этом году больше всего участников проверяли свои знания по таким предметам, как физика, математика, английский язык. Думаю, это свидетельствует о том, что наши школьники хорошо ориентируются в современном мире, в современных тенденциях развития общества. В век информационных технологий, инновационной экономики, нанотехнологий, знания математики и физики становятся все более востребованными, необходимо знание английского языка, как языка международного общения, академической мобильности студентов.

В этом году оргкомитет олимпиады с удовлетворением отмечает, что участники



олимпиады снова показали высокий уровень подготовки. 3100 школьников преодолели пороговый уровень Олимпиады, набрав свыше 70 баллов.

Безусловно, за счет олимпиады «Аль-Фараби» решается одна из важных задач, как трудоустройство наших выпускников и развитие партнерских отношений с работодателями. Выездными комиссиями олимпиады проведены встречи с руководителями крупнейших региональных компаний. Среди которых: «Казцинк», «АктобеМунайГаз», «Карагаганак Петролиум Оперейтинг», «Тенгиз Шевройл», «Казфосфат», «Каззахмыс», региональные областные вузы, Областные акиматы. Работодатели довольны уровнем подготовки

выпускников КазНУ и готовы принимать студентов на практику с последующим трудоустройством. Это еще раз подтверждает, что КазНУ имени аль-Фараби выпускает конкурентоспособных востребованных специалистов.

Университет не стоит на месте, а интенсивно развивается по всем направлениям. И в этом, безусловно, есть вклад Олимпиады «Аль-Фараби». Ведь только имея талантливых и обладающих прочной образовательной базой абитуриентов, можно рассчитывать на достижение международного качества подготовки специалистов в университете.

Сектор карьеры



(Басы 1-бетте)



КОНКУРС ПРИУРОЧИЛИ К ПРАЗДНИКУ

(Начало на 1 стр.)

Второе место было решено дать двум кафедрам - Международных отношений и внешней политики РК (заведующий Чукубаев Ермек Самарович) и кафедре Истории и теории массовых коммуникаций (заведующий Козыбаев Сагымбай Кабашевич).

Третье место также разделили две кафедры - Теплофизики, стандартизации и метрологии (заведующая - Аскарова Алия Сандыбаевна) и Археологии и этнологии (заведующий - Төлеубаев Абдеш Ташкенович).

В номинации Лучший факультет победителями стали биологи (декан Шалахметова Тамара Минажевна). Второе место у факультета востоковедения (декан Алдабек Нуржамал Абдиразаковна). «Бронзу» разделили филологический факультет (декан Абдузлы Кансеит) и Факультет философии и политологии (декан Кулсариева Актолкын Турлыхановна).

Лучшим общежитием признано общежитие №18 юридического факультета (заведующая Ниетбаева Мариям Исламовна). Второе место получило общежитие №14 механико-математического факультета (заведующая Абилова Гульзат Абдурахитовна). Третье место присуждены общежитию №1 факультета международных отношений (заведующая Батырханова Сауле Хакимовна) и общежитию №16 Высшей школы экономики и бизнеса (заведующая Сарова Гульнар Меркебаевна).

Лучшим структурным подразделением по праву стала военная кафедра (заведующий Степаненко Олег Евгеньевич). Второе место получил колледж (директор Каримова Бейбиткуль Сарсемханкызы). Третье место разделили Дворец студентов и научная библиотека (директор Мусагалиева Гульжан Мусаевна).

Лучшим учебным корпусом назван УК 7 факультета Философии и политологии (комендант Алдонгарова Баглан Сейтжанкызы). Второе место у ГУК - 1.3 А, в котором находятся исторический, филологический факультеты и факультет журналистики (комендант Балмуханбетова Жулдызай Карабалакызы). И третье место занял УК-4 механико-математического факультета (комендант Ибрагимова Несипкул Абдрасылкызы).

Все победители конкурса были приятно удивлены и призами, и торжественностью самой процедуры, которой открылся общеуниверситетский Наурыз. Так, заведующий Военной кафедрой О.Е.Степаненко сказал, что все члены кафедры гордятся заслуженной победой и довольны, что их труд оценили по достоинству. Я благодарен преподавателям и особенно студентам, которые занимаются на военной кафедре и чьими силами поддерживаются чистота и порядок. Именно такими мероприятиями, совместной работой на общее благо и поддерживается корпоративный дух университета.

Заведующий кафедрой Истории и теории массовых коммуникаций профессор С.К.Козыбаев, так прокомментировал свою победу: «Очень приятно, что наша кафедра стала второй среди сотни кафедр КазНУ. Впервые кафедрам было уделено такое внимание. Такие конкурсы мотивируют нас на дальнейшую работу. Наш коллектив приложил много усилий для того, чтобы кафедра, с одной стороны была чистой и уютной, а с другой - настраивала на работу. Полученный нами музыкальный центр, несомненно пригодится для проведения различных мероприятий. Мы очень благодарны руководству университета и профкомом за такую прекрасную инициативу. Этот конкурс обязательно должен стать постоянным.»

Мы поздравляем победителей и надеемся, что подобные конкурсы будут проводиться регулярно.

Ольга ЛОЖНИКОВА,
заместитель председателя профсоюза «Парасат»
работников КазНУ им. аль-Фараби



Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

НАУРЫЗ - ТАБИҒАТ СЫЙЛАҒАН ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ

Ұлыс күні тек жақсылық, жасампаздық, бақыт әкелсін. Наурыз береке-бірлікті арттыра берсін», - дейді ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанов. Одан кейін Алматы қаласы әкімінің орынбасары Серік Сейдуманов ҚазҰУ ұжымын ұлық мерекемен құттықтап, жылы лебізін жеткізді. Бұл тілектер Наурыз - «отыз күн ойын, қырық күн тойын тойлайтын» төбелі мереке екендігін дәлелдегендей. Тілектерді Мәлдір Бақытжанқызының орындауындағы «Көктем вальсі» әні жалғап кетті. Ал табиғаттың ерекше сыйынан бірнеше тілек тілеген жаршыларымыздың бірі: «шығысымның шырайлы шуағымен кел» десе, енді бірі: «онтүстіктен ол-

жалы кел», тағы бірі: «батыстан берекелі кел», келесісі: «солтүстіктен сән-салтанатыңмен кел» деп тілек тілесті. Дәл осы мезетте сахнаға домбырасын асынып, шапанын жамылып сал-серілеріміз келді. Олар Наурызда жырға қосып, ән шырқады. Рүстем Қайыртайұлы мен Біржан Байтуов той-думанды өлеңмен әрлеп, ұлыстың Ұлы күні Наурыз тойына жырдан шашу шашты.

Ақындар жырынан кейін қалыңдық іздеген аттылы жігіттер Қыз Жібектің күймесін мінген аруларға жолығып, танысу рәсімін насихаттағанда әдет-ғұрыптарымыздың озық тұсы бүгінгі заманға астарлы ой айтқандай болды. «Қыз Жібек» кинофильміндегі Шегенін



Одан кейін кезек-кезегімен көктем сұлулығын паш еткен әндер ағылып, ән сүйер қауымды әсем ән мен тәтті күйге бөледі. Бұдан кейін ұлыстың ұлы күні келгенін танытып, Көктем аруы келді.

Көктем аруы: «Уа, білім мен ғылымның қасиетті қара шаңырағы. Уақыт мырза жомарттық танытып, міне, жетпіс алтыншы рет көгіннен көктем болып келдім. Бақыт болып босағаннан ендім, шаттық болып шаңырағыңа қондым.

Жаналық пен жақсылықтың, жеңіс пен жетістіктің сый табағын тарту етіп, жетпіс алтыншы рет табалдырығыңнан аттадым. Ару қала Алматының төрінде, Алатаудың бөктерінде ұлан-асыр той жасап жатырсың. Ұлы тойың құтты болсын, Киелі қара шаңырақ!», - деген тілек айтты. Көктем тілегін жеке дауыста Талғат Айбосынов пен хор орындауындағы Александр Зацепиннің «Сүйем мен» әні ұштастырды.

Құт-береке орнасын деп тойларда шашу шашу еліміздің ерекше салты. Осы орайда ақ кимешек киінген әжелеріміз «Ақ мол болсын, Ұлыс оң болсын» деп тілек айтып шашу шашты. Бұдан кейін Болат Сарыбаевтың «Наурыз думан» әнімен Маржан Рымбаева сахнаға шығып мерекені қыздыра түсті.

Студенттік «Ерке» тобының орындауында халық әні «Әдугай», «Қазақтай ел қайда», Студенттер триосының орындауында Сүгірдің термесі, «Серпер» сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Өмірқұл Айниязовтың орындауындағы әндер шарықтай түсті. Наурыз мерекесінің тамырлы тарихын саралап өткеннен кейін «Қара жорға» биіне кезек келді. Онда «Бақыт» би ансамблінің бишілері және «Фараби сазы» оркестрінің мүшелері өнер көрсетті. Көрермендер де биге қосылып мереке қыза түсті. «Қара жорға» биінен кейін Қызыр баба келіп:

*Туған айдай қылып жарылқа,
Шыққан күндей қылып жарылқа!
Басты аман, бауырды бүтін қыл,
Отыңа оралтпа, суыңа сүрінтпе!»,* - деп Наурыздың ақ батасын берді.

Қазақстан Республикасының Халық әртісі Ескендір Хасанғалиевтің орындауында «Атамекен» әні шырқалып, барша қауым патриоттық сезімге бөленді. Әз-Наурызды ұлықтаған салтанатты шарада Нұрғисаның, Шәмшінің әндері кезегімен орын алып, халық әндері шырқалды. Той думан жалғасып, жиналған қауым ақ дастарқанда бас қосып, наурыз көжеден дәм татып, бір-біріне ізгі тілектер тілесті. Наурызды барынша ұлықтаған ұлттық университет бұл салтанатты кеш арқылы өзінің ұжымдық мәдениетін, бірлігін, ырыс-ынтымағын паш етті. Әз-Наурызды қарсы алған бұқара «Ұлы күні ынтымағымызды арттыра берсін» деп тілек айтып, ризашылықпен таркасты.

тенеуі. Наурыз - жақсылықтың жамандықты жеңген күні. Наурыз - өкпе-реніштің сиреп, бірліктің артар мерекесі. Ұлыстың ұлы күні осындай маңыздылығымен құнды. Бұл құндылықтар ҚазҰУ қалашығындағы «Қош келдің, Әз-Наурыз» салтанатында жақсы әспеттелгені көрерменге мерекелік көңіл күй сыйлады.

«Өгті талай мұңлы ғашық Жібектер, Төлеген боп соқты қанша жүректер. Абыз дала көз жасында көрдің-ау, Қосылмаса сүйген жүрек, тілектер. Аңыздарды кім ұмытар кешегі, Махаббаттың бастауы да осы еді. Аспандағы Ару Күн мен Жарық Ай Бір-ақ сәтке жүздесіпті деседі», - деген өлең жолдарынан кейін сахнаға Ай мен Күн шығып бір-біріне ғашықтық сезімін жеткізді.

*«Ару - Күн!
Қандай Сұлусын,
Нұрлы шапағатыңмен.
Мәңгі ғашықпын саған,
Ыстық махаббатыммен»,* - дейді Ай. *«Шығыстан өзіңді іздеп Шығамын атқанда таңым.
Мені де іздеші айым,
Жер-дүние жаққанда шамын»,* - деп тіл қатты Күн. Бұл сахналық көрініс әсерлі шыққандығы мереке тамашалаушылардың таңданысынан байқалды. Ғашықтық сезімдер Ертай Сұлтан мен Жанна Верешактың орындауындағы «Куә бол» әнімен жалғасты.



әні орындалып, ҚазҰУ қалашығы аруларының ақылы мен көркіне тамсанған жолаушы жігіттер: «Сәні мен салтанаты келіскен сұлулар жайлы естіп келеміз. Көктемнің Ұлы мерекесі - Наурызда жастар жаны табысса дейміз», - деген сауалға: «ҚазҰУ сұлуларының сезімін селт еткізе алсаңыздар, одан әрі жүректеріңіз табысып жатса, біз қарсы емеспіз», - деген жауап қазақ халқының ғашықтар күні дәл осы ұлық мерекеде, күн мен түннің тенеліп, табиғаттың жаңаруына тұспа-тұс келетінін түсіндіріп өткендей. «Селтеткізер», «Ұйқышар» рәсімдерінің де осы мерекеде орын алғанын астарлап тұр. Назы мен сазы жарасқан арулар қызға тән пандығын байқатып:

*«Жар іздеп жігіт бек тегін,
Шалыпсың елдің көп жерін.
Жібек те бізде,
Баян да, Еңлік те
Жанаспай, серім, өтпегін.
Бір сөзбен алар ҚазҰУ-дың,
Қыздары тегін деп не едің?»,* - дейді сыңғырлы күлкіні үнге қосып. Қыз-жігіттердің бұлайша сөз саптауы, салт-дәстүрді насихаттауы бүгінгі ұрпаққа сезімді бағалау, адалдықты құрметтеу сияқты асыл қасиеттерді ұғындырды. Бұл көрініс көрерменнің қалың қолпашына ие болды. Дәл осы бейне мерекені шарықтатып, қадырын асыра түсті.

Наурыз - күн мен түннің



Басшы ұстаздың өнерге деген шаарапаты

(Басы 1-бетте)



Бұл мемлекеттік концертке мәдениет саласының көрнекті қоғам қайраткері Ө.Жәнібеков ағамыз бастап апарып, оркестрге Шамғон Қажығалиев, Алдаберген Мырзабеков, Батыр Абдықалықов, Рысбай Ғабдиев ағаларымыз дирижер болды. Сол кездегі КСРО-ның Білім және оқу министрі Қазақ университетінің ректоры Ө.А.Жолдасбековке арнайы алғыс хат жолдады.

Концерт соңында Қазақстан Компартиясының 1-ші секретары Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев оркестр ұжымына рақметін айтып, творчестволық табыс тіледі. Ө.А.Жолдасбеков оркестр ұжымын қабылдап, шынайы тілегін білдірді. Студенттермен әр кездесуінде Ө.Жолдасбеков оркестр мүшелерінің оқу барысын, тұрмыс жағдайларын сұрасып тұратын.

1978 жылы университеттің ұлт аспаптар оркестрі КСРО-ның Мәдениет министрлігі жанынан құрылған арнайы мемлекеттік комиссияның шешімімен «Халық аспаптары оркестрі» атағын қорғап шықты. Бұл жетістік оқу орындарының қара шаңырағы – Қазақ университетінің абыройын, ал өнерге, білімге, студент жастарға жасаған қамқорлығы үшін университет ректоры Ө.А.Жолдасбековтің мәртебесін арттырды. Осылайша, студент жастар қалаған мамандықтарын игерумен қатар өнерге де бет бұрды. Университет қабырғасында ұйымдастырылған сан алуан үйірмелерге қатысып, таланттарын шыңдады.

Бұл «Халық аспаптары оркестрі» атағын Қазақ университеті 1990 жылға дейін, яғни 12 жыл бойы сақтады. 1980 жылдан бастап оркестрге Жамағат Темірғалиев ағамыз жетекшілік етті. Жыл сайын факультет, жоғары оқу орындары арасында сайыстар, «Студенттік көктем» фестивальдары ұйымдастырылып тұрды. Қазақ университетінің халық аспаптар оркестрі В.И.Ленин атындағы Республикалық Сарайда Үкіметтік концерттерде Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестрімен, атақты әншілеріміз Бибігүл Төлегенова, Роза Бағланова, Әлібек Дінішев, Нұрғали Нүсіпжановпен бірігіп өнер көрсетті.

Қазақ университеті халық аспаптар оркестрінің репертуарында Чайковский, Моцарт, Глинка, Штраус, Брамс,

Құрманғазы, Дина, Түркеш, А.Жұбанов, Дәулеткерей, Тастанов, Қазанғап, Тәттімбет, Сүгір, С.Мұхаметжанов, Н.Тілендиевтің т.б. күйшілердің шығармаларымен қатар, классикалық және халық әндері болды.

1979 жылы Қазақ университетінің халық аспаптары оркестрі КСРО-ның Мәдениет министрлігі мен Кәсіподақ Комитетінің жоспарлауымен Венгрия Халық Республикасында, 1980 жылы Тәжікстан астанасы Душанбе, Күляб қалаларында, Нүрек ГЭС-і жұмысшыларының алдында өз өнерлерін көрсетті, ал 1982 жылы КСРО-ның Әлеуметтік Қамтамасыз ету министрі Д.Е.Абдрахимованың жетекшілігімен Болгария Халық Республикасына, 1985 жылы Қазан қаласында өткен фестивальдың лауреаты атанып, үлкен жетістіктерге жетті. Осылайша, оркестр Кеңес заманында Қазақ университетінің ректоры Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтің қамқорлығының арқасында қазақ халқының өнерін, мәдениеті мен салт-дәстүрлерін КСРО-ның одақтас республикаларынан басқа, Батыс Еуропа халықтарына жеткізуіне өз үлестерін қосты.

Қазақ университетінің халық аспаптары оркестрін сол кездегі алғашқы ұйымдастырушылары қазірде еліміздің түпкіртүпкірінде әр салада еңбек етуде. Айта кетсек, Ж.Бекенұров Қазақтың Мемлекеттік Құрманғазы атындағы Академиялық халық аспаптары оркестрінің дирижері,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Ж.Темірғалиев ұстаз, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, А.Шарықбаев ҚР Білім және ғылым министрлігінде бөлім бастығы, Қ.Мұсаев, Ж.Жұбатов, Қ.Арынов, А.Белеков, С.Жетпісбаев, М.Рамазанова, С.Бекмолдин, А.Сарсенбинов, Д.Тастанов, Р.Жалмұрзина, А.Бегалиева, Г.Сапарханова, А.Нүсипова ғылым жолында, А.Алдияров сот, Әбіш прокурор, Б.Ташенов, Е.Әбдіқалықов жеке кәсіпкерлер.

Мемлекетіміздің белгілі қайраткері, академик Ө.Жолдасбековтің 80 жыл толуына орай, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ғ.Мұтановтың ұйымдастыруымен өткен іс-шара кезінде университеттің халық аспаптары оркестрінің алғашқы мүшелері жиналып, ардақты ұстаз ағамызды еске алу құрметіне ол кісінің сүйіп тыңдайтын ән-күйлерін орындағанымыз – біздің той шашуымыз.

Осыған орай, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтановқа Қазақ университеті халық аспаптары оркестрінің алғашқы мүшелерінің атынан ризашылығымыз бен алғысымызды жеткізе отырып, ұжымына шығармашылық табыс тілейміз, дәстүр жалғасы өз орнын табатынына сенеміз.

**Бауыржан РАХИМОВ,
ҚР ІІМ-нің еңбек сіңірген қызметкері**

14 апреля на военной кафедре КазНУ им. аль-Фараби состоялась презентация учебного пособия профессоров Владислава Григорьева и Ляйли Ахметовой «Яростный 1941. Размышления историков» (Алматы, 396 с.). Поскольку Владислав Григорьев живет в Москве, не смог приехать на презентацию.

«ЯРОСТНЫЙ 1941. РАЗМЫШЛЕНИЯ ИСТОРИКОВ»

Рецензент книги доктор исторических наук, профессор КазНУ Таласбек Омарбеков рассказал подробный этап написания книги и отметил, что на такие темы пишут историки, военные, а журналист, заведующий кафедрой ЮНЕСКО Ляйля Ахметова написала с новыми подходами, в этой книге много зарубежных исследований. На презентацию книги пришли участники ВОВ Евгений Волков, Федор Заценин, Михаил Иванов, участник трудового фронта Жолмухан Туркменулы, ветеран труда Ульман Абрум.

Тема войны, семидесятилетие начала которой исполняется в 2011 году, это не просто история самой масштабной и кровопролитной войны XX века. Это событие, в котором причудливо переплелись проблемы: личность и общество, этнос и национальная безопасность, политика и идеология, психология и мораль, культура и религия и многое другое.

Главное в книге – раскрыто тяжелого для нашего народа противостояния с силами фашизма. Война стала для обеих сторон испытанием на прочность двух политических систем, их внутренней и внешней политики, самого понятия характера и задач войны. Именно эти два компонента и решили в итоге проблему победы.

Для точности и глубины познания происшедшего был избран метод сопоставления документов и материалов обеих сторон. Крайне важным для авторов стало то, что в той нелегкой битве за свободу и независимость отчизны приняли непосредственное участие их родные, многие старшие товарищи и коллеги. И авторы рассматривают свой труд как дань памяти их подвигу.

Все события на фронте и в тылу нашли отражение во многих документах и воспоминаниях, поэтому историки избрали предметом своего внимания 15 узловых вопросов того времени. Решающим направлением борьбы в 1941 г. была линия Брест – Москва. Именно там и развернулись главные сражения того этапа войны.

Соавтор Ляйля Ахметова 10 книг подарит с автором 10 студентам отличникам военной кафедры.

Енлик АКЖИГИТ

КОНКУРС

Super Student – 2011

Всем уже известно, что проведение конкурса «SuperStudent», так же как и многих других мероприятий, стало традиционным для нашего университета.

Самый первый конкурс «SuperStudent» прошел весной 2004 года по инициативе студентов.

Целью конкурса является выявление одаренных, талантливых, креативных, находчивых, студентов университета. Воспитание в них высокого патриотизма, умения пробиться в нынешней конкурентной среде. Каждый студент Казахского национального университета должен быть Супер Студентом! Но надо всегда помнить, что нужно полностью

соответствовать этому статусу!

8-го апреля 2011 года в актовом зале механико-математического факультета прошел финальный тур конкурса «SuperStudent – 2011».

По результатам отборочного тура с каждого факультета нашего университета было определено по одному участнику.

В финальном туре всего участвовало 9 студентов: Малик Алдияр – биологический факультет, Айғаным Белашова – географический факультет, Дария Ғалымжанқызы – факультет журналистики, Перизат Нурланқызы – факультет международных отношений, Жанна Верещак – филологический факультет, Айжан Доскараева – истори-

ческий факультет, Зарина Кулдарва – факультет экономики и бизнеса, Улпан Кыжырова – юридический факультет, Алмас Балкиев – факультет философии и политологии

По итогам конкурса статус «Супер Студента КазНУ имени аль-Фараби – 2011» завоевала студентка 2-го курса филологического факультета Верещак Жанна. Мы сердечно поздравляем Жанну, желаем полностью соответствовать статусу Супер Студента КазНУ имени аль-Фараби.

**Ляйля АХМЕТОВА,
студентка 3-курса биологического факультета, председатель Студенческого мажлиса**

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Редакторлар – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА,
Еңлік АҚЖІГІТ
Талғат АХМЕТҚАЗЫ
Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
“Бизнес Информ” баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000 дана.
Индексі 65989.
Тапсырыс №10237

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.